\* the vast majority of seventh-graders (81%) do not have environmental knowledge.

\* 52% of students did not reveal value-based environmental orientations;

\* 33% of students have developed, and 44% have poorly developed norms and rules related to nature;

\* only 6% of the students who took part in the study developed skills and abilities to study nature and protect it.

Processing of the obtained results was carried out to determine the level of formation of ecological culture and ecological knowledge. The method of mathematical processing of experimental data was used - the method of limited sampling, when the number of samples is determined.

**Table 2 – The level of formation of environmental culture of students in beginning of training**

The level of formation of ecological culture	Experimental class	Control group
	Number of students / %	
High (7-8)	2 / 8 %	1 / 4 %
Medium (4 - 6)	9 / 36 %	8 / 32%
Low (1-3)	14 / 56 %	16 / 64%

Comparing the level of environmental education of 7th grade students in the control and experimental groups, it was found that the level of environmental education of children in the experimental group is significantly higher than in the control group.

Comparing the level of environmental education of 7th grade students in the control and experimental groups, it was found that the level of environmental education of children in the experimental group is significantly higher than in the control group.

**Table 3 – The level of environmental culture of students at the end of the study period**

The level of formation of ecological culture	Experimental class	Control group
	Number of students / %	
High (7-8)	6 / 24%	2 / 12%
Medium (4 - 6)	15 / 56 %	13 / 52 %
Low (1-3)	4 / 20%	10 / 40%

To determine the effectiveness of the lessons we have created, we compare the results of the study with the initial and final stages of the experiment.

**Table 4 – The level of formation of ecological culture**

The level of formation of ecological culture	Experimental class	Control group
	Number of students / %	
High (7-8)	4/ 16%	2 / 8 %
Medium (4 - 6)	6 / 24%	5 / 20%
Low (1-3)	10/40%	6 / 24%

Based on the data obtained, we can say that: in the experimental class, the environmental competence of students was at a high level - it increased by 16%, and, accordingly, the level of the lowest level decreased by 40%. Therefore, we can say that the introduction of innovative technologies of modern education has played an important role in the process of environmental education and the formation of environmental culture of students in general.

**Conclusion.** The developed lessons and extracurricular activities had a significant impact on the process of formation of the ecological culture of students. The level of formation of students' ecological culture as one of the components of ecological education was quite high.

According to these indicators, we noticed that the level of environmental education and upbringing has increased due to innovative teaching methods.

All this forms an ecological culture among schoolchildren, a sympathetic attitude towards nature. Thus, we achieved the goal of our study, that is, it was determined that the use of innovative technologies contributes to the development of the activities of teachers and students and the improvement of the quality of education, as well as the formation and improvement of the level of

environmental culture. Thus, the development of environmental education and the formation of environmental culture should be based on the joint actions of the teacher and students and should be aimed at developing students' own attitudes when conducting a scientific and practical analysis of environmental and environmental issues. We believe that the wider use of the life experience of students in real environmental conditions is of great pedagogical importance.

### References:

- [1] **Dyganov, V.A.** Formation of ecological knowledge of students in the course "General ecology" on the basis of computer technologies: educational and methodological manual. – Kazan: KGPU, 2003.
- [2] Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan Kazakhstan's way - 2050: "A common goal, common interests, a common future", 2014, January 17.
- [3] Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319-III.
- [4] **Ishmukhamedova, N.B.** Methods of formation and development of knowledge on the basics of ecology. Almaty: "Galym", 2006
- [5] **Likhachev, B.T.** Pedagogy course of lectures / M. Pedagogy, 2001.-505 p.
- [6] **Nikanorov, V.E.** Development of research abilities of students in the conditions of gymnasium education: Management aspect: dis. . cand. ped. Sciences / Nikanorov V.E. Kaluga, 2004. - 224 p.
- [7] **Alexeev, S.V.**, Borisov V.N., Pleshevenkova V.A. The diamond mining quarries as a factor affecting surficial water quality // Proc. of WRI-8 Intern. Symposium (Vladivostok-Russia). - Rotterdam. – Balkema, 1995. – Pp. 557-560.
- [8] **Vakhromov, G.A.** Research activities of students and students / G.A. Vakhromov // Education in the modern school., - 2004. No. 11. – S. 40-43.
- [9] **Zverev, N.D.** Ecoglasnost and education. Soviet pedagogy., 1991
- [10] **Zakhlebny, A.N.** School and problems of environmental protection. Moscow. Pedagogy., 1981
- [11] **Suravegina, I.T.** Ecological education of schoolchildren / ed. A.N. Zakhlebny, T.M. Suravegina. – M.: Pedagogy, 1983. – 160 p.
- [12] **Andreeva, N.D.**, Solomin V.P. Value aspects of environmental education // Modern problems of regional economics, ecology and environmental and geographical education: Collection of materials of the international scientific and practical conference, March 29-30, 2003, Moscow. – M.: MGOU publishing house, 2003. P. 23–25.
- [13] **Beisenova, A.S.** Ecology, Almaty, 2001.
- [14] **Sarybekov, N.S.** Man is a friend of nature / N. Sarybekov. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1981. – 55 p.; 16 cm
- [15] **Zhunisova, K.** What should a biology course be? // Kazakhstan mektebi. Biology vs Chemistry. – Almaty, 1996. – No. 1. – B. 7-14.
- [16] **Sarmanova, K.A.** Ecology and nature management. – A.: Nauka, 2004. – S.111-121.
- [17] **Kaupenbaeva, S.M.** Tendencies and main directions of formation and development of ecological culture in Kazakhstan. Abstract diss. Philosophy Doc. (PhD) . Almaty, 2014.
- [18] **Childibaev, Zh.B.**, Amanbaeva, M.B. Organization of the development of research activities in the preparation of future biologists // Actual problems of methods of teaching biology, chemistry and ecology at school and university: mater. intl. scientific-practical conf. – M., 2016. – S. 144 - 147.

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Болатова А.Б.**, магистрант  
**Ибадуллаева С.Ж.**, биология ғылымдарының докторы, профессор  
**Нұрғалиева А.А.**, педагогика ғылымдарының магистрі  
**Нағашыбаева П.Ж.**, педагогика ғылымдарының магистрі

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ,  
Қазақстан Республикасы*

**Андатпа.** Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда инновациялық білім берудің мүмкіндіктері оқу-тәрбие процесінде толық көлемде өз деңгейінде пайдаланылмай отырғандықтан, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі мен теория және практикалық білімнің жеткіліксіз өңделуі арасындағы қайшылықтар айқын көрінеді. Сондықтан табиғатты қорғау негізінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың бір жолы – әдістеме дайындау, осы мәселеге арналған педагогикадағы жалпы теориялық зерттеулерді кеңейту және тереңдету болып табылады. Мақалада экологиялық мәдениет ұғымына талдау жасалған. педагогикалық көзқарас, қарастырылып отырған мәселенің ерекшеліктерін нақтылайды, оқушылардың экологиялық мәдениетін анықтайды, сонымен қатар биология сабағында инновациялық оқыту технологияларының көмегімен оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтайды. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың кешенді жүйесін құру кезінде биология сабағында инновациялық оқыту технологиялары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың нәтижелік көрсеткіштері мен деңгейлері анықталып, оның тиімділігі дәлелденді.

**Тірек сөздер:** экологиялық мәдениет, инновация, білім, тұлға тәрбиесі.

## **ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

**Болатова А.Б.**, магистрант  
**Ибадуллаева С.Ж.**, доктор биологических наук, профессор  
**Нурғалиева А.А.**, магистр педагогических наук  
**Нағашыбаева П.Ж.** магистр педагогических наук

*Қызылординский университет имени Корқыт Ата, г. Кызылорда,  
Республика Казахстан*

**Аннотация.** Поскольку возможности инновационного образования в формировании экологической культуры обучающихся не используются в полной мере на их достаточном уровне в образовательном процессе, отчетливо видны противоречия между необходимостью формирования экологической культуры обучающихся и недостаточной проработанностью теории и практики. Поэтому одним из способов формирования экологической культуры учащихся на основе охраны природы является подготовка методологии, расширение и углубление общетеоретических исследований в педагогике, посвященных данной проблеме. В статье проанализировано понятие экологической культуры с педагогической точки зрения, уточнены особенности рассматриваемого вопроса, выявлены инновационные возможности обучения в формировании экологической культуры учащихся, а также выявлены особенности организации процесса формирования экологической культуры учащихся с помощью инновационных технологий обучения на уроках биологии. Определены объемы, результативные показатели и уровни сформированности экологической культуры учащихся с помощью инновационных технологий обучения на уроках биологии при создании комплексной системы формирования экологической культуры учащихся с использованием инновационных технологий обучения и доказана ее эффективность.

**Ключевые слова:** экологическая культура, инновации, образование, воспитание личности.

## БОЛАШАҚ БИОЛОГ – МАМАНДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК БІЛІКТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ (САҢЫРАУҚҰЛАҚ ТҮРЛЕРІ МЫСАЛЫНДА)

Салыбекова Н.Н.<sup>1</sup>, PhD

[salibekova@gmail.com](mailto:salibekova@gmail.com), <https://orcid.org/0000-0002-3750-1023>

Камидин А.Ғ.<sup>2</sup>, магистрант

[aikun\\_20.11@mail.ru](mailto:aikun_20.11@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0003-2909-8059>

<sup>1</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті  
Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup> Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.,  
Қазақстан Республикасы

**Андатпа.** Мақаламызда болашақ биолог мамандарын дайындауда жылыжайларда астықты зақымдайтын микромицет түрлерінің әсер ету ерекшеліктері, зиянын зерттеу бойынша мәліметтер, сонымен қатар олардың зерттеу нәтижелерін оқу барысында қолдану құрастырылады.

Жұмыстың әр бір кезеңінде зерттеу мәселесі бойынша теориялық қорытындысы тәжірибелік эксперимент жұмысы ретінде тексеріледі және көрсетілген нәтижелерді салыстырмалы тұрғыдан талдау және жалпылап қорытындылау келешекте биолог педагогтардың тәжірибелік зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың алғашқы деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл жұмыс білім беру орындарында биологияны зерттеушілік біліктілігін қалыптастыруға арналған. Зерттеушілік біліктілік қызметінің қалыптасуы білім алушылардың ерте кәсіптік бағдарлаудың негізгі әдісі болып табылады.

Сонымен қатар отандық және шетелдік әдіскер ғалымдардың жұмыстарына шолу жасалынды. Биологиялық эксперимент кезінде алынған биологиялық ақпараттарды қолдана отырып арнайы дайындалған әдістеме педагогикалық тәжірибе кезінде сынақтан өткізілді. Педагогикалық іс-әрекеттер желісін құра отырып, педагог білім алушыларға білімді игеруге, оқу-танымдық іс-әрекет дағдыларын игеруге, белгілі бір жағдайда білімді қолдануды үйренуге және оң нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі. Болашақта білікті маман дайындау мақсаты оқу барысын ұйымдастыру және өтіп жатқан тақырыбы бойынша нәтиже алу жолдары қарастырылады.

**Тірек сөздер:** микромицеттер, саңырауқұлақ, педагог, білім беру жүйесі, зерттеушілік біліктілік, болашақ биолог

**Кіріспе.** Еліміздің білім беру бағытына енген жаңартылған білім беру бағдарламасы қазіргі заманға сай, болашақ жастадың сұранысын толықтай қанағаттандыра алатын білім беру бағдарламасы болып табылады [1]. Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес оқу - зерттеу жұмыстарының нәтижелері биология бойынша пәндік нәтижелерді емес, білім алушылардың интеллектуалды, тұлғалық дамуын, олардың зерттеу немесе жоба саласындағы құзыреттілігінің өсуін, ұжымда ынтымақтастық және өз бетінше жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруды, зерттеу жұмыстарының мәнін түсінуді қарастыруы керек.

ЖОО-да болашақ биолог маман дайындау мәселесін шешуде оқытылатын негізгі пәндердің бірі – биология. Биологиялық білім осыған дейін мектепке дейінгі оқу мен тәрбиеден бастап мазмұн жағынан үздіксіз дами отырып, ЖОО-на дейін, жүйелі түрде жалғасады [2-3].

Зерттеу дағдыларын қалыптастыру студенттердің зерттеу қызметін жүзеге асыру процесінде тікелей жүреді. Білім алушылардың интеллектуалды дамуында биологиялық білімді игеруге тікелей байланысты олардың зерттеу қызметі ерекше рөл атқарады. Сондықтан оқу орнының алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай шешу оқушыларды зерттеу іс-әрекетіне баулу және оқу процесінде оған қабілеттерін дамыту арқылы мүмкін болады. Оқу зерттеуіне қатыса отырып, студенттер технологиялық іс-әрекетті үйренеді, өйткені олар бұл әрекетті тікелей орындайды. Оқу зерттеулері оқушылардың белсенді

ойлау әрекеттері үшін өзіндік платформа жасайды. Бұл жағдайда оқушылардың жұмысы ғана емес, олардың қалай алынатыны да маңызды.

Оқу зерттеуі Биологияны оқыту әдісі ретінде оқушылардың ойлауын қалыптастырып, дамытып қана қоймайды, сонымен қатар ойлаудың жоғары түрін - шығармашылық ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді, онсыз шығармашылық белсенділік мүмкін емес.

Оқу танымы мен оқу іс-әрекеті ұғымдарын талдау оқушылардың зерттеу іс-әрекеті негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін оқу және зерттеу қызметін біртұтас оқу-зерттеу қызметі ретінде қарастыру керек деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында студенттер фактілерді бақылау, эксперимент, салыстыру және жалпылау, белгілі бір қорытынды жасау дағдыларын игереді. Оқушыларда білім алуға, оларды пайдалану тәсілдерін игеруге және шығармашылық іс-әрекеттің дағдыларын қалыптастыруға әсер ететін танымдық қажеттіліктің пайда болуына ықпал ететін жағдайлар жасау қажет.

Оқу-зерттеу жұмысы қызметінің дамушы функциясы оны жүзеге асыру барысында биологияға тән ойлау әдістері мен стилін игеру, өз тәжірибесіне саналы көзқарасты тәрбиелеу, шығармашылық белсенділіктің ерекшеліктерін қалыптастыру және биологияның әртүрлі аспектілеріне танымдық қызығушылық пайда болады. Ғылыми эксперименттік зерттеу жұмыстарын кәсіби түрде айналысатын маман ғана емес, сонымен қатар мектепте білім алып жүрген сауатты адам да түсіндірме жұмыстарынан соң толықтай жүргізіп игере алады [4-5].

Білім алушыларды эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізуге үйрету пәнге деген және осы пән саласындағы білімге деген қызығушылығын оятуға, сондай-ақ дарынды білім алушыларды анықтауға ықпалын тигізеді [5-6].

Қазіргі кезең мектеп түлектеріне де, жоғары оқу орындарының студенттеріне де, әртүрлі қызмет салаларындағы болашақ мамандарға да бірқатар талаптар қояды. Осы дағдыларды қалыптастыруға заманауи мектеп мұғалімдерінің жүзеге асыруында қарастырылған бірқатар құзыреттер, ең алдымен, зерттеу құзыреттілігі бағытталған.

Жобалық іс-әрекетке мақсат қою және жоспарлау, қажетті ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыру, ең оңтайлы әдістерді таңдау, эксперимент жүргізу, зерттеу нәтижелерін ұсыну бойынша қолдану мүмкіндігі болып табылады [7-8].

Зерттеудің кез-келген түрін орындаудың келесі кезеңдері бар:

1. Мәселені қою, зерттеу тақырыбын таңдау.
2. Зерттеудің өзектілігі мен жаңалығын көрсету және анықтау.
3. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін көрсету.
4. Болжамды ұсыну.
5. Зерттеу тақырыбы бойынша материал жинау.
6. Материалды талдау және жалпылау, тұжырымдарды тұжырымдау.

Биология сабақтары зерттеу құзыреттілігін жүзеге асыруға кең мүмкіндіктер береді, өйткені қазіргі мұғалім зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған әртүрлі әдістер мен әдістердің айтарлықтай жүктеріне ие. Сонымен, биология сабақтарында оқушылардың зерттеу дағдылары мен олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесетін әртүрлі проблемалық жағдайларды жасауға болады [9]. Проблемалық тапсырмаларды сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болатындығы маңызды (және сабақтың тақырыбы мен мақсатын тұжырымдау, жаңа материалды үйрену және оны бекіту үшін). Осы ұсынылған жоба технологиясы кеңінен қолдана отырып, студенттерді зерттеушілік қабілеттерін және осы зерттеу жұмысының жұмыс түрлеріне қатыстыру мақсатын жүзеге асырылды [10].

Болашақ биолог мамандардың жылыжай көкөністерін зақымдайтын саңырауқұлақтар соның ішінде микромицеттерді зерттеушілік біліктігін қалыптастыру үшін осы бағытта, яғни жобалап оқыту тәсілі әр түрлі этаптармен іс әрекет жүйесіне анализ жасау барысында университет қабырғасында биологиялық білім беру мазмұнында бидайды

зақымдайтын саңырауқұлақтар, өмір сүру ерекшеліктеріне, зияндылығына, бидайға зиянды әсер етуіне зерттеу жүргіздік.

Дәнді дақылдардың фузариумы жаһандық деңгейде таралды. Ол пандемия сипатына ие болды және ауа-райы қолайлы болған кезде ол әрқашан дамиды [11-12].

Қоздырғыштар- *Fusarium Link тұқымдасының саңырауқұлақтары*: *F.graminearum*, *F.moniliforme*, *F.culmorum*, *F.sambucinum*, *F.nivale*, *F.avenaceum*.

Бидайдың масақтарының дақылдарының фузариумы әдетте ұсынылған *F. graminearum*, *F. culmorum*, *F. nivale*, *F. avenaceum*. *F. graminearum* жылы және жұмсақ климатты жақсы көреді, ал *F. culmorum* және *F. avenaceum* құрғақ және салқын жағдайларға оңай төзеді. Ауру барлық дәнді дақылдарға әсер етеді, бірақ құмай мен бидай дәндерінің фузариумы әсіресе кең таралған және зиянды [13]. Ең қарқынды инфекция бидайдың гүлдену кезеңінде болады, *Fusarium Link* тұқымдасының саңырауқұлақтары бидай масақтарының сарғаюымен, қабыршақтардағы бозғылт қызғылт реңнің мицелийінің түзілуімен байқалады, ақшыл қызғылт немесе сарғыш-қызыл түзілімдерге айналады [14-15].

**Зерттеу материалдары мен әдістемесі.** Зерттеу бойынша оқу-дала практикасының мерзімі 2021 жылы 1.06.2021-10.06.2021 жылы жүргізілді.

Саңырауқұлақтармен зақымдалған бидай түрлерінің үлгілері оқу-дала практикасы барысында зерттеу жұмыстарында жүргізілді. Оларға саңырауқұлақтарды бидайдан бөліп алып, биохимиялық зерттеу зертханасында арнайы қоректік орталарда дақылдап және оларға микроскоп көмегімен қарап, талдау жұмыстары жүргізілді. Әр нұсқадан 100 тұқым алынды және сынамадағы фузариум қоздырғышы мен дәндерінің саны бойынша астықтың ластану дәрежесі бағаланды. Фузариуммен астықтың инфекциясы келесі белгілермен анықталды (сурет 1):

- астық жылтырсыз ақшыл бор тәрізді бетке ие;
- астық шыны емес;
- эндоспермде борпылдақ, ұсақталған құрылымы бар;
- астық мыжылған, ойықтар байқалады;
- ойықтарында сағырауқұлақ жіпшумақтары түзілген;
- өміршең емес, қара түсті



**1-сурет – Астықты көзбен бағалау. *Fusarium* – нан зардап шеккен. Сау астық ( сол жақта), *Fusarium* (оң жақта)**


Тәжірибелік нұсқаның зақымдану дәрежесін ескеру үшін келесі шкала қолданылды (кесте 1).

**1-кесте – Астықтың фузариозбен *Fusarium L.* зақымдануын көзбен шолып бағалау шкаласы, %**

Балл	Зақымданған дәндер саны	Реакция типі
1	0-1	Зақымданбаған дән
2	2-3	Фузариозбен әлсіз зақымданған
3	4-5	Орташа зақымданы
4	7-20>	Өте қатты зақымдану

Қоздырғыштың 5% - дан асатын дәні құрамындағы токсиндердің мөлшеріне қосымша зертханалық зерттеулерді қажет етеді. Қатты зарарланған астық өндірістік мақсаттарда пайдалануға жарамсыз болып табылады. Бірақ, мұндай морфологиялық белгілер тек *Fusarium L.* тектес саңырауқұлақтардан ғана емес, сонымен қатар улы метаболиттерді шығара алатын бірқатар басқа қоздырғыштардан да туындауы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан, тұтастай алғанда, үлгідегі фузариозды дәндердің мөлшерін сырттай бағалау аз мәлімет береді және әсіресе дәнді дақылдармен жұмыс жасағанда субъективті болуы мүмкін. Сондықтан астықтың ішкі инфекциясын анықтау бойынша тәжірибелер жүргізілді.

Астық үлгісінің фузариуммен залалдануын бағалау МС қоректік ортасында жүргізілді. Ол үшін орташа үлгіден 60-100 дән алынды. Сенімді нәтиже алу үшін үлгіні сыртқы белгілері бойынша таңдамай алу керек. Мөлшеріне байланысты Петри қоректік ортасы бар бір петри табақшасында бір-бірінен бірдей қашықтықта 7-10 дәнді талдау үшін орналастырылды. Петри табақшаларда парафинді таспамен оралып, 23-25<sup>0</sup>С температурада 7 күн бойы жарық бөлмесіне орналастырылды. Осы кезеңде дәнді дақылдардың айналасында өсетін саңырауқұлақ колонияларының өсуі байқалды және есептелді (сурет 2).



**2-сурет – Қоректік ортада астықтың ішкі қоздырғыштарының болуын бағалау**

Беткі қабатты кетіру үшін астық бетін мұқият зарарсыздандыру жүргізілді. Алдымен дәндер ағынды сумен жуылды, бұл топырақ пен басқа қоспаларды жууға мүмкіндік береді. Матаның барлық зарарсыздандырылған беті сумен суланған болуы керек, сондықтан онда ауа көпіршіктерінің болмауын бақылау керек.

**Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.** Ғылыми әдебиеттерден белгілі болғандай, МС және ½ МС қоректік ортасы оқшауланған жасушаларды, өсімдік ұлпалары мен мүшелерін *in vitro* өсіру үшін әмбебап болып табылады. Біздің зерттеулерімізде осы қоректік ортада тұқым өскіндерінің пайда болуы анағұрлым қарқынды жүрді және өскіннің беткі және жер асты бөліктерінің пайда болуы байқалды. Басқа нұсқаларда бұл биометриялық көрсеткіштер әлдеқайда төмен болды.

Саңырауқұлақ мицелийімен жүргізілген зерттеулерде *Fusarium L.* дамуы үшін қоршаған ортаның барлық нұсқалары қолайлы екендігі анықталды. Патоген әр түрлі қоректік ортада бірдей қарқындылықпен дамыды. Осылайша, жүргізілген зерттеулер нәтижесінде біз кариопсис үшін де, патоген үшін де өсірудің ең қолайлы жағдайлары бұдан



әрі зерттеу жүргізу үшін негізгісі ретінде алынған минералды тұздардың ½ құрамы бар МС ортасы екенін анықталды. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер пәннің теориялық бөлімін, яғни астық тұқымдасын зақымдайтын саңырауқұлақтардың дамуы, зиянын, морфологиясы және ерекшеліктері анықталып, ұсынылып отыр. Сабақты өту барысында жоспар бойынша теориялық мәліметтер, зертханалық тапсырмалар беріліп зерттеу жұмыстары орындалды.

**Қорытынды.** Фузариоз ауыл шаруашылығы үшін маңызды мәселелердің бірі, бұл егіннің жетіспеуіне және өнім сапасының төмендеуіне әкеледі, көбінесе оны сатуға және тұтынуға жарамсыз етеді. Осыған байланысты өсімдіктердің саңырауқұлақ қоздырғыштарға төзімділігі мәселесі өзекті және экономикалық, медициналық, токсикологиялық және экологиялық аспектілерге ие.

Зерттеу жұмысы кезінде болашақ мамандардың өзін-өзі зерттеушілік қабілеттілігін жүзеге асыруға, бар білімі мен тәжірибесін қолдануға мүмкіндіктері бар. Зерттеу тақырыпты ашу үшін әр түрлі зертханалық тәжірибелер қолданылады. Зертханалық сабақта студенттердің біліктілігі сонымен қатар қызығушылығын жоғарлату бойынша тірі және фиксацияланған препараттарды микроскопиялық әдістер арқылы көрсетіледі, қоректік орталар дайындау әдістері, дақылдау әдістерімен және осыны зерттей отырып саңырауқұлақтардың классификациясы, биоэкологиялық ерекшеліктерімен танысады. Осы арқылы зертханалық жұмыс жасау дағдылары қалыптасады және зерттеушілік біліктілігі қалыптасады.

#### **Әдебиеттер:**

[1] **Бордовский, Г.А.** Научно-исследовательская деятельность - решающее условие повышения качества подготовки специалиста. //Подготовка специалиста в области образования: Научно - исследовательская деятельность в совершенствовании профессиональной подготовки. – СПб., 1998 – 3 – 7 с.

[2] **Таубаева, Ш.Т.** Жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың ғылыми негіздері: педагогика ғылымдарының докторы авто реф. – Алматы, 2001. – 19 б.

[3] **Ашихмина, Т.Я.** Школьный экологический мониторинг: учебно-методическое пособие / Т.Я. Ашихмина. М.: АГАР, 2016 – 95с.

[4] **Болотов, В.А.,** Сериков, В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе / В. А. Болотов, В.В. Сериков // Педагогика, 2003. – № 10. – С. 8-14.

[5] **Алексеева, Л.Н.,** Копылов Г.Г., Марача В.Г. Исследовательская деятельность учащихся: формирование норм и развитие способностей // Исследовательская работа школьников, – 2003. №4.

[6] **Добрынина, Е.С.** Метод проектов как способ реализации внеурочной деятельности в школе при изучении биологии / Е.С. Добрынина, О.В. Хотулёва // В сборнике: Актуальные вопросы социальной педагогики и психологии: теория и практика Сборник материалов Всероссийской научно-практической конференции., 2019. С. 58-61

[7] **Андрienko, А.В.** Динамика свойств личности в процессе приобщения к научно-исследовательской деятельности / Актуальные проблемы современной науки: сб. науч. статей 5- й Международной конференции молодых ученых и студентов: в 35 ч. – Самара: СамГТУ, 2004. –Ч. 34. – С. 9–12.

[8] **Полат, Е.С.,** Бухаркина, М.Ю., Моисеева, М.В., Петров, А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Полат, Е.С. Бухаркина, М.Ю., Моисеева, М.В., Петров А.Е.; Под ред. Полат, Е.С. – М.: Издательский центр «Академия», 1999. – 224 с.

[9] **Орлова, Л.В.** Компетентный подход в образовательном процессе вуза // Известия СНЦ РАН. Т. 13 – 2011. – № 2. – С. 41–44.

[10] **Высоцкая, М.В.** Биология и экология. 10-11 классы: проектная деятельность учащихся / М.В. Высоцкая. Волгоград: Учитель, 2018.

[11] **Загвязинский, В.И.** Исследовательская деятельность педагога. – 3-е издание. – М.: Академия, 2012. - 171 с.

[12] **Бруновт, Е. П.** Самостоятельные работы учащихся по биологии: пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1984. 160 с.

[13] **Александров, И.Н.** Возбудители микозов растений, включенные в сигнальный список карантинного перечня ЕОКЗР / И.Н. Александров // Защита и карантин растений., - 2011. - № 8. – С. 33 – 36.

[14] **Львова, Л.С.,** Омельченко М.Д., Орлова Н.Ю., Быстрякова З.К. Микотоксины фузариозной пшеницы. Особенности ее приемки, хранения и переработки // Обзорная информация. - Сер.: Элеваторная промышленность. – М.: ЦНИИТЭМ хлебопроизводство, 1992. – 1-44 с.

[15] **Санина, С.С.** Фитосанитарная экспертиза зерновых культур (Болезни растений): Рекомендации // Под ред. С.С.Санина. – М.: ФГНУ "Росинформагротех", 2002. - 140 с.

## References:

[1] **Bordovskij, G.A.** Nauchno-issledovatel'skaya deyatel'nost' - reshayushchee uslovie povysheniya kachestva podgotovki specialista. //Podgotovka specialista v o blasti obrazovaniya: Nauchno - issledovatel'skaya deyatel'nost' v sovershenstvovanii professional'noj podgotovki. – SPb., 1998 – 3 – 7 s. [In Russian]

[2] **Taubaeva, SH.T.** ZHalpy bilim beretin mektep mұғaliminiң zertteushilik мәdenietin қалыптастырудың ғылымгездері: ped.fyl.dok. ... avto ref. – Almaty, 2001. – 19 b. [In Kazakh]

[3] **Ashihmina, T.YA.** SHkol'nyj ekologicheskij monitoring: uchebno metodicheskoe posobie / T.YA. Ashihmina. M.: AGAR, 2016 – 95s. [In Russian]

[4] **Bolotov, V.A.,** Serikov V.V. Kompetentnostnaya model': ot idei k obrazovatel'noj programme / V. A. Bolotov, V.V. Serikov // Pedagogika., – 2003. – № 10. – S. 8-14. [In Russian]

[5] **Alekseeva, L.N.,** Kopylov, G.G., Maracha, V.G. Issledovatel'skaya deyatel'nost' uchashchih sya: formirovanie norm i razvitie sposobnostej // Issledovatel'skaya rabota shkol'nikov., – 2003. №4. [In Russian]

[6] **Dobrynina, E.S.** Metod proektov kak sposob realizacii vneurochnoj deyatel'nosti v shkole pri izuchenii biologii / Dobrynina E.S., Hotulyova O.V. // V sbornike: Aktual'nye voprosy social'noj pedagogiki i psihologii: teoriya i praktika Sbornik materialov Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii., 2019. S. 58-61. [In Russian]

[7] **Andruenko, A.V.** Dinamika sbojstv lichnosti v processe priobshcheniya k nauchno-issledovatel'skoj deyatel'nosti/Aktual'nye problemy sobremennoj nauki: sb. nauch. statej 5 – j Mezhdunarodnoj konferencii molodyh uchenyh i studentov: v 35 ch. – Samara: SamGTU, 2004. –СН. 34. – S. 9–12. [In Russian]

[8] **Polat, E.S.** Buharkina, M.YU., Moiseeva, M.V., Petrov, A.E. Novye pedagogicheskie i informacionnye tekhnologii v sisteme obrazovaniya: Ucheb. posobie dlya stud. ped. vuzov i sistemy povysh. kvalif. ped. kadrov / E.S.Polat, M. YU. Buharkina, M.V.Moiseeva, A.E.Petrov; Pod red. E.S.Polat. - M.: Izdatel'skij centr «Akademiya», 1999. - 224 s. [In Russian]

[9] **Orlova, L.V.** Kompetentnostnyj podhod v obrazovatel'nom processe vuza // Izvestiya SNC RAN. T. 13, – 2011. – № 2. – S. 41–44. [In Russian]

[10] **Vysockaya, M.V.** Biologiya i ekologiya. 10-11 klassy: proektnaya deyatel'nost' uchashchihsya / M.V. Vysockaya. Volgograd: Uchitel', 2018. [In Russian]

[11] **Zagvyazinskij, V.I.** Issledovatel'skaya deyatel'nost' pedagoga. – 3-e izdanie. – M.: Akademiya, 2012. - 171 s. [In Russian]

[12] **Brunovt, E. P.** Samostoyatel'nye raboty uchashchihsya po biologii: posobie dlya uchitelya. M.: Prosveshchenie, 1984. 160 s. [In Russian]

[13] **Aleksandrov, I.N.** Возбудители микозов растений, vklyuchennye v signal'nyj spisok karantinного perechnya EOKZR / I.N. Aleksandrov // Zashchita i karantin rastenij., - 2011. - № 8. – S. 33 - 36. [In Russian]

[14] **L'vova, L.S.,** Omel'chenko, M.D., Orlova, N.YU., Bystryakova, Z.K. Mikotoksiny fuzarioznoj pshenicy. Osobennosti ee priemki, hraneniya i pererabotki // Obzornaya informaciya. – Ser.: Elevatornaya promyshlennost'. – М.: CНИИТЕМ хлебопроизводство, 1992. – 1 – 44 s. [In Russian]

[15] **Sanina, C.C.** Фитосанитарная экспертиза зерновых kul'tur (Bolezni rastenij): Rekomendacii // Pod red. S.S.Sanina. – М.: FGNU "Rosinformagrotekh", 2002. – 140 s. [In Russian]

## ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КВАЛИФИКАЦИИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ-БИОЛОГОВ (НА ПРИМЕРЕ ВИДОВ ГРИБОВ)

Салыбекова Н.Н.<sup>1</sup>, PhD  
Камидин А.Г.<sup>2</sup>, магистрант

<sup>1</sup>*"Международный Казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави".*

*г.Туркестан, Республика Казахстан*

<sup>2</sup>*Кызылординский университет имени Коркыт Ата,*

*г.Кызылорда, Республика Казахстан*

**Аннотация.** В нашей статье собраны особенности воздействия видов микромицетов, повреждающих зерно в теплицах при подготовке будущих специалистов-биологов, данные по изучению повреждений, а также их применение в процессе изучения результатов исследований. Теоретические выводы по проблеме исследования на каждом этапе проверялись экспериментально-экспериментально, а сравнение, анализ и обобщение полученных результатов позволило определить начальный уровень формирования исследовательской деятельности будущих учителей-биологов. Также был проведен обзор журналов отечественных и зарубежных ученых-методистов. Специально разработанная методика с использованием биологической информации, полученной в ходе биологического эксперимента, была апробирована в ходе педагогической практики. Также был проведен обзор работ отечественных и зарубежных ученых-методистов. Теоретические выводы по вопросам исследования на каждом этапе проверены экспериментально, а полученные результаты сопоставлены, проанализированы и обобщены для определения исходного уровня исследовательской деятельности будущих биологов. Целью подготовки квалифицированного специалиста в будущем будет организация учебного процесса и способы получения результатов по проходящей теме.

**Ключевые слова:** микромицеты, грибок, биолог, содержательно-познавательный, учебно-познавательный, система образования, биологическое образование

## FORMATION OF RESEARCH QUALIFICATIONS OF FUTURE BIOLOGISTS (ON THE EXAMPLE OF FUNGUS SPECIES)

Salybekova N.N.<sup>1</sup>, PhD  
Kamidin A.G.<sup>2</sup>, master's student, 2-nd year

<sup>1</sup>*Ahmed Yasawi International Kazakh-turkish University,  
Turkestan city, Republic of Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Korkyt Ata Kyzylorda University,  
Kyzylorda city, Republic of Kazakhstan*

**Annotation.** Our article contains the features of the effects of micromycete species that damage grain in greenhouses during the training of future biologists, data on the study of damage, as well as their application in the process of studying research results. Theoretical conclusions on the research problem were tested experimentally at each stage, and comparison, analysis and generalization results obtained allowed us to determine activity of future biology teachers. The issues of formation of the research activity of future biology teachers are considered. A review of the journals of domestic and foreign methodologists was also conducted. A specially developed technique using biological information obtained during a biological experiment was tested during pedagogical practice. A review of the works of domestic and foreign methodologists was also conducted. Theoretical conclusions on the research problem were tested experimentally at each stage, and comparison, analysis and generalization of the results obtained allowed determining the initial level of research activity of future biologists. The purpose of training a qualified specialist in the future will be the educational process and ways to obtain results on a passing topic.

**Keywords:** micromycetes, fungus, biologist, informative, educational, educational, educational system, biological education.

## БОЛАШАҚ БИОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ «БИОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАЖАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ» ЭЛЕКТИВТІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

**Берденкулова А.Ж.**, биология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

e-mail: [alma7707@mail.ru](mailto:alma7707@mail.ru) <https://orcid.org/0000-0002-7207-7838>

**Нағашыбаева П.Ж.** педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы

[feruza.zhumazhan@bk.ru](mailto:feruza.zhumazhan@bk.ru), <http://orcid.org/0000-0003-1343-2534>

**Пазылова Г.Қ.**, 2 курс магистранты

[kanatkyzy\\_gulsim@mail.ru](mailto:kanatkyzy_gulsim@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5630-1687>

**Шынжырбай Р.**, 2 курс магистранты

[roza.shynzhyrbai99@mail.ru](mailto:roza.shynzhyrbai99@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5141-6741>

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,  
Қызылорда қ, Қазақстан Республикасы*


**Андатпа.** Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты мақсат міндеттері - ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым және практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға жағдай жасау» деп атап көрсеткендей жоғарғы оқу орындарында тәлім-тәрбие беру ісінде мұражайлардың мұрағаттарын пайдалана отырып жүргізудің өзектілігі айқындала түседі. Президент «Жоғарғы білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енгуге ұмтылулары керек» - деп түйіндейді.

Қазіргі педагогика теориясы елеулі өзгерістерге еніп, білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарастар пайда болды. Білім саласын дамыту үшін ақыл-ойы ұшқыр, шығармашылық қабілеті шындалған, іскер және талапты адамдар керек. Бұл тұрғыда студенттердің оқу үдерісінде танымдық іс-әрекет белсенділігін арттырудың маңызы зор. Осыған орай ұлттық дүниежүзілік рухани мұралардың сабақтастығы негізінде терең де, сапалы білім беруді жүзеге асыру мақсатында оқу үдерісі барысында студенттерге мұражай құндылықтары арқылы танымдық іс-әрекет белсенділігін дамытуда, оны жетілдіру мәселесі алғы орынға шығады. Сондықтан үздіксіз білім беру жүйесінде студент жастарға жоғарғы оқу орындарында жаратылыстану мұражайларын ұйымдастыру білім мен тәрбие беруде барлық салаларында оң нәтиже береді. ЖОО жаратылыстану мұражайларының мүмкіндіктері оқу бағдарламасын табиғи материалдармен қамтамасыз етудің теориялық және тәжірибелік негізін зертеп, оны ЖОО тәжірибесінен өткізуге.

**Тірек сөздер:** Элективті курс, мұражай, жаратылыстану, ЖОО, әдістеме.

**Кіріспе.** Соңғы жылдары білім беру саласына көптеген өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер болашақ мамандардың өз алдына қойған мақсат міндеттерін айқын қылуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға және шешім қабылдауға дайын жастарды тәрбиелеу. Болашақ жастарды тәрбиелеу шешімін ғалымдар мәдениеттің көмегімен адамды рухани жағынан тәрбиелеуде деп атап көрсеткен. Бұл мәселені шешудің кілігін ғалымдар мәдениеттің маңызды компоненттерінің көмегімен адамды рухани негізде тәрбие және білім беруден көруде. Әлемдік және еліміздің әлеуметтік-экономикалық саласын дамыту мәселесінде болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында, білім және тәрбие беруде мұражайдың үлкен рөл атқаратындығы белгілі. Сол себепті білім беруді мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарап біртұтас білім беру жүйесін құрып, орталықтандырған жүйе жасау.

Бүгінгі таңда еліміздің жоғары оқу орындары кредиттік оқыту жүйесіне көшіп, әлемдік білім беру кеңістігінде дамудың өзіндік бағыт-бағдарын айқындап алды. Бұл бағытта қыруар жұмыс атқарылды. Ол жұмыстарға – оқу бағдарламаларына білім берудің жалпы стандартына сәйкес базалық курстардан басқа элективті курстардың кіруі болды. «Электив» сөзі латын тілінен аударғанда «таңдамалы, таңдаулы, қалаулы» деген ұғымды білдіреді[1].



1-кесте – Оқу курстарының жалпы түрлері

Қазіргі таңда элективті курс ЖОО-да тереңінен зерттелмей, нақты шешімі табылмай келе жатқан және толық зерттелмей келе жатқан сұрақтардың бірі. Элективті курстың мақсаты, міндеттері, практикалық маңызы мен өзектілігі, күтілетін нәтижесі туралы кеңінен ойлану керек. Біздіңше, ең алдымен, бұл мәселені жалпы элективті курстарға қойылатын талаптар тұрғысынан сараптаған жөн. Ал талаптар мынадай бағыттарда қаралып жүр:

1. Артықтық (олар көп болуы керек)
2. Қысқа мерзімділік (6-16 сағат)
3. Ерекше назар аударарлық мазмұны мен атының болуы
4. Курс белгілі бір нәтижемен аяқталуға тиіс (эссе, жоба, ...)
5. Стандартсыздық
6. Элективті курстың жобасын педагогтар дайындауы тиіс[2].

Элективті курстың аты мен оның мақсат-міндеттері, мазмұнының мен барысы жалпы курсқа берілетін сипаттама десек қателеспейміз. Курсты жоғары сапада сипаттау, оның қанжалықты дәреже маңызы болатынын атап көрсету ол педагогтың тікелей кәсіби құзыреттілігіне байланысты.

Элективті курстардың бағдарламалары білім алушылардың топтарының талаптарына сәйкес келуіне бағытталғандықтан, білім алушылардың қызығушылықтарын ескеріп ұйымдастырылу керек. Білім алушылардың қызығушылығын ояту әрине оқытушының кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты Элективті курстарды құрастыруды оқытушылар іске асырады.

ЖОО-нан білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік беретін және теориялық білімдерін практикада қолдану тұжырымдамасына сәйкес оқыту түрі – элективті курстар.

Ал енді жоғарыда айтылған жобалау мәселелерін қазіргі таңда ЖОО-ларда оқытылып жүрген элективті курстардың бірі – «Биологиялық мұражай ұйымдастыру» элективті курсын қалай ұйымдастыруға болады және оны қалай жүзеге асырамыз деген сұраққа жауап іздейік. [3]

Мұражай – қоғам мен табиғат арасында қалыптасқан, адам қолымен жасалған туындылар мен мұралар жиынтығы. Мұраларды болашақ ұрпақтарға жеткізе отырып, осы негізде халыққа қызмет ететін және қоғам дамуына жағдай жасайтын, зерттейтін, білім

беретін, рухани мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатында қоғам мен оның мүшелеріне тәлім-тәрбие беретін көшілікке қол жетімді мәдени және рухани мекеме [9].

Мұражайдың ғылыми зерттеу жұмыстары ұзақ мерзімге арналған жоспар бойынша жүргізіледі. Мұндай жоспардың болуы зерттеу жұмыстарындағы жалғастықта, әрі логикалық байланысты қамтамасыз етеді. Сонымен бірге жұмысты жоспарлы түрде жүргізу кейбір қызметкерлердің қажетсіз зерттеу тақырыбын ауыстыруына жол бермейді және нәтижесінде ғылыми жұмыспен айналысатын топтың кәсіптік біліктілігінің жоғарылауына жағдай жасайды. Ғылыми жоспардағы ізденістердің орындалу мерзімі тақырыптың күрделілігіне, оны орындаушылардың ғылыми деңгейіне және мұражайдың қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты болмақ. Көп жылдардағы тәжірибе көрсеткендей, ауқымы кішірек тақырыптарды орындап шығуға бір жылдай уақыт берілетін болса, күрделі тақырыптарды екі жылдан бес жылға дейін мерзімде орындауға болатындығы белгілі болып отыр [10].

Бүгінде әлемдік мұражайлық тәжірибеде қоғамдық өмірдің және мәдениеттің «мұражайланатын» салаларына деген көзқарас та өзгерген. Әлемдегі өтіп жатқан жаһандық экологиялық зардаптар қоршаған табиғаттың ерекше құбылыстарын, уникалдық сипатты табиғи ескерткіштерді «тарихи-мәдени мұра» құрамына енгізу қажеттігін туғызды. Оларды сақтау, игеру және пайдалану тәжірибесі де ерекше мұражайлық мекемелердің қалыптасуына негіз болды [11].

Мұражайтануда арнайы мұражай ұйымдастырудың принциптері анықталмаған. Сондықтан алдымен ұйымдастырылған мұражай, мұражайларға қажетті стандарттармен және қызметтерге байланысты сай болу керек. Дегенмен білім беру мекемелерінде мұражай ұйымдастыру үшін ең алдымен ғылыми тұжырымды өңдеу керек. Бұл қызмет үш кезеңде жүзеге асады:

- ізделіп отырған қажетті мәліметтерді дайындау және талдау (басқа мұражайлардан, кітапханалардан, архивтерден, интернеттен, жеке топтамалардан, әдебиеттерден );
- мұражайдың жеке тұжырымын жасау;
- нақтылы тәжірибелік іс- шараларды өңдеу – басқаша айтқанда, белгілі бір кезеңге мұражай дамуының жобалық жоспарын жасау. Жобалау кезеңінде мақсатты түрде мұражай имиджін лайықты ойлану. Әуел баста барлық қалыптастырушы үдерістің немесе бір істе керек өнімді алу тұжырымы, қандай сапалар қажеттігін анықтап алу. Мұражай ісінде – ой басты негіз болады, сондықтан ең алдымен мұражай профилін тарихи, мемориал ескерткіш, экологиялық, техникалық, жаратлыстану және т.б. анықтап алу керек. Балаға білім беру мен тәрбиелеудің сапасын жоғарлатуда мұражай экспозициясы педагогикалық әсерге қаншалықты мүмкіндік беретінін түсіну.

Мұражай экспозицияларын орналастыру үшін бөлек орын керек, ал мұражайдың жұмысын басқару үшін – ұйымдастырушы қажет. Ереже бойынша мұндай мақсатпен білім беретін мекемелерде, қосымша білім беретін педагог бөлінеді. Кеңес беру жағынан көмек көрсетуде, жоғарғы оқу орындарында мұражай құру үшін мемлекеттік немесе жергілікті (муниципальдық) мұражайлардың мамандарын шақыру ұсынылады [9].

Мұражай динамикалық, өздігінен дамиды және нығайтушы жүйеде болуға тиісті. Оның экспозиция түрі және айқындалған кең - заттанған ортасы, көрерменмен байланыс жасай отырып және осы негізде көрерменге мұражай есігін айқара ашуды жүзеге асырады.

Білікті маман арқасында жасалған үйлесімді және дұрыс ұйымдастырылған мұражайдың, қуатты және күшті әсері әрқашан нәтиже береді . Бірақ әрбір білім беретін мекемеде кәсіпқой маманды кеңес беруге шақыру мүмкіншілігі жоқ, тәжірибелілерде сай жоғарғы оқу орындары қабырғасында әртүрлі профилдегі мұражайлар ұйымдастырылады [8].

Жоғарғы оқу орындарында құрастырылған жаратылыстану немесе биологиялық мұражай білім беру саласында заттық материалдармен қамтамасыз етіп қана қоймай, осы тұрғыда палеонтологиялық құнды экспонаттарды, жер қойнауының байлығын және де табиғат нысандарын жас ұрпаққа ғылыми зерттеп, мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа қалдыруға,

еліміздің тарихи, табиғи және мәдени мұралары ретінде құрастырып, тәлім-тәрбие беретін білім ордасы деп қабылдаған жөн. Сондықтанда оқу-тәрбие үдерісінде дұрыс таңдалған мұражай мен экспонаттары – жастардың танымдық біліктілігінің артуына тигізетін әсері өте зор болады.

Жоғарғы оқу орындарында жаратылыстану не биология мұражайын ұйымдастыру ең алдымен білім алушылардың өз білімдерін кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Мұражайды ЖОО-да ұйымдастырудың бағыттары қарастырылмаған. Сондықтан мұражайды ұйымдастыру үшін қажетті стандарттар мен атқарылатын жұмыс ретін міндетті түрде білу шарт. Жалпы ЖОО-да ұйымдастырылған бірнеше мұражайлар бар. ЖОО-да ұйымдастырылған жаратылыстану мұражайы стандарттар мен қызметтер негізіне сай жұмыс жасауда. [4]

Қазақстанның ЖОО-ғы ең беделді биологиялық мұражай әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде орналасқан. Оқу орнында биологиялық мұражай биологиялық факультетінің зоологиялық кафедрасы жанынан 1936 жылы зоологиялық мұражайы болып ашылды. 1949 жылы биологиялық мұражай болып қайта құрылды. Мұражай 3 бөлімді үлкен залдан және 84 витринадан тұрады. Мұражай қоры бірнеше бөлімдерден тұрады. Мұражайда көптеген сирек жануарлардың экспозициялары бар. Экспонаттарды жалпы биология, зоология, ботаника, морфология және де басқа жаратылыстану ғылымына қатысты сабақтарда қолдануға болады.

Оқу орнындағы мұражай Қазақстанның табиғи қорын және мәдениетін дамытуда үлкен рөл атқарады.

Мұражайдың бағалы материалдық ақпараты тек биолог білім алушылардың ғана емес, басқа да сала қызметкерлерін қызығушылығын арттырады. Мұражай еліміздің көптеген ЖОО-ры арасында жоғары беделге ие және білім беру орындарында кеңінен танымал. Мұражай мамандары табиғаттанушылар мен биолог мамандарына семинарлар өткізіп отырады. [5]

Биологиялық мұражайдың сілтемесі:

- [https://www.kaznu.kz/kz/17427/page/About\\_al-Farabi\\_Kazakh\\_National\\_University](https://www.kaznu.kz/kz/17427/page/About_al-Farabi_Kazakh_National_University)

- <https://youtu.be/zMpmnEhAM4w>

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде де биологиялық мұражай жабдықталған. Университеттің мұражай кешені бұл ЖОО ғалымдарының көп жылғы қызметінің нәтижесі, ол биологиялық бейіндегі сабақтарды өткізуде бірегей оқу құралы болып табылады. Ол Қазақстанның табиғи аймақтарының табиғи тарих ескерткіштерін зерттейтін ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру және тәрбие бөлімі болып табылады. Мұражайдың экспозициялық ауданы 400 шаршы метрді құрайды, төрт бөлімнен тұрады:

1) Петрография минерологиясының бөлінуі-біздің өлкеміздің жер қыртысының сыртқы пішінін қалыптастырудағы геологиялық процестердің рөлін түсінуге мүмкіндік беретін Павлодар облысы рельефінің қалыптасу тарихы бар белгі. Экспозицияда тау жыныстары мен минералдардың 140 үлгісі ұсынылған. Экспозицияға еңбеген үлгілер қоймаларда болады және геология бойынша зертханалық сабақтарда пайдаланылады;

2) Палеонтологияның бөлімі жер бетіндегі тіршіліктің қалыптасу кезеңдерімен таныстырады. Мұнда жердің палеонтологиялық шежіресін ашатын жойылып кеткен организмдердің алуан түрлілігі, өсімдіктер мен тірі қалдықтардың қалдықтары ұсынылған;

3) Зоология бөлімі Павлодар облысы фаунасының әртүрлілігімен көптеген топтамаларда ұсынылған - облысқа тән барлық ландшафтық аймақтар: дала көлі, жайылма, шалғын, дала, орманды дала және олардың мекендеушілері;

Мұражайда коллекциялық қор орыны, зертхана бар. Жоғары мектеп оқытушылары оқу процесі кезінде де, сабақтан тыс уақытта да мәдени орта құруға қатысады. [6]

Биологиялық мұражайдың сілтемесі:

- <https://ppu.edu.kz/yilyimi-yizmet-bio-kz/>

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетін 1939 жылы зоологиялық мұражай ұйымдастырылған. Оның негізін қалаған кафедра меңгерушісі жаратылыстану ғылымдарының кандидаты, орнитолог Арнольд Штамм.

1951-1968 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі қызметін атқарған Авдей Алексеевич Цыганков мұражайдың дамуына, материалды-техникалық базасын қалыптастыруға үлкен еңбек сіңірген. Мұражай көрме шкафтарымен қамтылып, экспонаттар жүйемен орналастырылды. Құстар, сүтқоректілер экспонаттарымен толықтырылып, систематикалық бөліммен қатар омыртқалылардың қаңқалары, кейбір теңіз жануарларының коллекциялары жиналған.

Білім алушыларға зоологиялық саябақтар мен зоологиялық мұражайлар табиғатқа қызығушылығын арттырады және де туған өлке жануарлар әлемі туралы дүниетанымын кеңейтеді. Қазақстанның Қызыл кітабына енген және сирек жойылып кету қауіпіндегі жануарлар түрлерімен, оларды қорғау, сақтау жолдарымен таныстырады.

Мұражайда конференциялар, ғылыми-әдістемелік семинарлар, сабақтар, үйірме отырыстары, дөңгелек үстелдер және әр-түрлі кездесулер өткізіліп отырады. [7]

Биологиялық мұражайдың сілтемесі:

-<https://geofac.wku.edu.kz/index.php/mezhdunarodnoe-sotrudnichestvo/256-zoologiyaly-m-gazhaj-ony-alyptasu-tarikh>

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Биология, география және химия» кафедрасында зоологиялық мұражай ұйымдастырылған. Зоологиялық мұражай білім алушылардың биология мамандығына деген қызығушылығын арттыруда. Сонымен қатар облыс мектептерінің мұғалімдері мен оқушылары мұражайға келіп, онда қойылған экспонаттардың жасалу жолдарымен танысып, биология пәніне деген қызығушылығын арттыруда. Кафедра ұжымымен ұйымдастырылған мұражай, студент жастардың, ЖОО мақтанышы ғана емес, сонымен бірге жастарға білім беру және тәрбиелеуде елеулі жетістіктерге жеткізетін құрал десек артық айтпаған болар едік.

Мұражай тұрақты және ауысымды композициялармен толықтырылып отырады. Көп санды экспонаттар бояуы қанық және тірі табиғат көріністері студенттерге жақсы әсер етіп назарын әрқашан өзіне аударады.

Зоологиялық мұражай бірнеше бөлімдерден құрастырылған. Әр бөлім өзіндік экспонаттармен толықтырылған. Тоқталып өтетін болсақ палеонтология бөлімі және ..... бөлімі бар. Мұражайда омыртқасыз жануарлардың, балықтардың, шөл жануарларының, қосмекенділер мен бауырменжорғалаушылардың, құстар мен сүтқоректілердің тұлыптары жасалынған. Мұражай қоры жыл өткен сайын толықтырылып отырады. Студенттердің далалық практикасы уақытында жануарлардың экспонаттары дайындалады.

Қазіргі таңда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Жаратылыстану» институты, «Биология, география және химия» кафедрасында білім алушылардың теориялық білімін практика жүзінде қолдану үшін және де мамандыққа деген қызығушылығын арттыру үшін арнайы пән енгізілген. «Биологиялық мұражай ұйымдастыру» пәні 2017-2018 оқу жылынан бастап 5В011517-Биология БББ-ның оқу үдерісіне енгізілген. Жылдар бойы осы пәннің көмегімен студенттер теориялық білімдерін практикада қолданып жатыр, сонымен қатар бұл болашақ жас мамандарға айтарлықтай көмегін тигізіп жатыр. Пән оқу орынның 3 курс студенттеріне практикалық сабақтар түрінде өткізіліп келе жатыр. Практикалық сабақтар студенттердің шығармашылық қабілеттерін жоғары дамытуға және де қызығушылығын арттыруда.

«Биологиялық мұражай ұйымдастыру» пәні - жалпы биологиялық мұражай дайындаудың негізі, теориялық білімдерін практикалық қолдануға мүмкіндік беріп, болашақ биологтардың шығаршылық ойлауын және қабілеттерінің шыңдалуына мүмкіндік береді.

«Биологиялық мұражай ұйымдастыру» пәнінің негізгі мақсаты – орта мектептерде табиғат мұражайын тиімді ұйымдастыру этаптарын айқындау және биология пәндерін оқытуда мұражай мәліметтерін пайдалану әдістемесін жасау және табиғат мұражайы



материалдарын пайдалану арқылы оқушылардың биологиялық білімін тереңдету, мұражай материалдары негізінде оқушылардың бойында туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімді ұялату.

«Биологиялық мұражай ұйымдастыру» пәнінің негізгі міндеттері:

1. Табиғат мұражайының құрылымдық бөлімдерін анықтау;
2. Табиғат мұражайын қалаптастыру этаптарын теориялық негіздеу;
3. Мектептегі табиғат мұражайын биология пәнін оқытуда пайдалану әдістемесін

жасау;

4. Мектептің табиғат мұражайының моделін және оның биологиялық білім берудегі мақсатын айқындау;

5. Табиғат мұражайының тиімді экспозицияларын жасауды білу.

«Биологиялық мұражай ұйымдастыру» пәнінің құзыреттілігі биология мұражайларын қалыптастыруды реттеу, мұражай коллекцияларын жинақтау туралы білім игеру, әртүрлі биологиялық мұражай объектілерін жіктеу және жүйелеу. «Биологиялық мұражай ұйымдастыру» пәнінен күтілетін нәтиже: Биология мұражайларын қалыптастыруды реттеу, мұражай коллекцияларын жинақтау туралы білім игереді, әртүрлі биологиялық мұражай объектілерін жіктеу және жүйелеуге қабілетті.

«Биологиялық мұражай ұйымдастыру» пәнінің қысқаша мазмұны: Жаратылыстану-ғылыми мұражайы және оның қазіргі мектептердің биология кешенінде алатын орны ерекше. Экспозиция – мұражай коммуникациясының маңызды бөлігі онда тау жыныстары мен минералдардың үлгілері бар. Экспозиция геологиялық классификацияға сәйкес ұйымдастырылады. Мұражайдың палеонтологиялық бөлімінде жердегі тіршіліктің қалыптасу кезеңдерін сипаттайтын материалдар қойылады, жоғалып кеткен организмдер, өсімдіктердің таңбасы және тастанған қалдықтарының хронологиялық жүйесі т.б. Мұражайдың ботаникалық бөлімінде эволюция барысында өсімдіктердің қалыптасу кезеңдерін сипаттайды. Зоология бөлімінде құстар классы, панорамалық витриналар, сүтқоректілер классы. Биология пәнін оқытуда мектептің табиғат мұражайының экспозицияларын пайдаланады.

**Қорытынды.** XXI ғасыр мәдениеттің, ақыл-ой мен ғылымның дамыған және бәсекелестік ғасыры. Қазіргі таңда әртүрлі элективті курстарды енгізу арқылы студенттердің білім сапасын көтеру үстінде. «Биологиялық мұражай ұйымдастыру» элективті курсының ЖОО-ның білім алушыларына тигізер пайдасы өте жоғары. Элективті курсты енгізу арқылы болашақ мұғалімдер мектеп қабырғасында жұмыс жасағанда биология пәніне қатысты көптеген іс-шаралар орындай алуына мүмкіндік береді:

-Әртүрлі экспедициялар ұйымдастыру;

-Биологиялық үйірмелер;

-Әдістемелік оқу-құралдарын қарау;

Болашақ биология пәнінің мұғалімдеріне «Биологиялық мұражай ұйымдастыру» элективті пәнін оқытудың әдістемелік негіздерін құрастыру арқылы студенттердің білім-білік дәрежелерін көтеріп қана қоймай, олардың қызығушылығын көбейтіп өзіне деген сенімділігін арттыруға көмектеседі.

### Әдебиеттер:

[1] 2011 жылы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының кезекті XIII съезінде Мемлекет басшысы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөйлеген сөзі. Ана тілі: №7 (1052), 17-23 ақпан, 2011ж

[2] **Лернер, П. С.** Роль элективных курсов в профильном обучении/П. С. Лернер //Профильная школа., – 2004. - № 3. – 12-17 б.

[3] <https://api.edu.kz/index.php/kz/zharatylystanu-m-razhajy>

[4] **Тойлыбаева, Ұ.О.** Алдамжарова, Г.Т., ЖОО мұражайының тәрбие үрдісіндегі алатын орны. // «Ыбырай оқулары» ғылыми аймақтық конференция жинағы., 2010.

[5] [https://www.kaznu.kz/kz/17427/page/About\\_al-Farabi\\_Kazakh\\_National\\_University](https://www.kaznu.kz/kz/17427/page/About_al-Farabi_Kazakh_National_University)

- [6] <https://ppu.edu.kz/yilyimi-yizmet-bio-kz/>
- [7] <https://geofac.wku.edu.kz/index.php/mezhdunarodnoe-sotrudnichestvo/256-zoologiyaly-m-razhaj-ony-alyptasu-tarikhy>
- [8] **Ілясова, Р.** Мұражай маманы қарауыл емес мұражай жайлы жұмыс іздегендерге арналған орын ба? // Елтану., 2002. №59. 4б.
- [9] **Тарханова, Т.** пед. ғылымдардың. канд., федералды кәсіпшілік білім мұражай директоры // <http://www.vestnik.vsu.ru>
- [10] **Оспанова, Ә.** Мектеп және мұражай педагогикасы. // Қазақстан тарихы., 2009. №1. – 57б
- [11] **Ерболат, Ж.** Музейдің мәдени – білім саласындағы атқаратын ролі. // Музей және қоғам. Дөңгелек үстел отырысына қатысушылар баяндама жинағы. – Астана., 2006. – 66б.

## References:

- [1] 2011 jyly Elbasynyñ Qazaqstan halqyna Joldauy. «Nür Otan» halyqtyqdemokratialyq partiasynyñ kezektı XIII sezinde Memleket bassysy, «Nür Otan» partiasynyñ Törağasy Nürsultan Nazarbaevtyñ söilegen sözi. Ana tılı: №7 (1052), 17-23 aqpan, 2011j. [In Kazakh]
- [2] **Lerner, P. S.** Röl elektivnyh kursov v profilnom obuchenii / P. S. Lerner // Profilnaia şkola. – 2004. - №3. – 12-17 b. [In Russian]
- [3] <https://api.edu.kz/index.php/kz/zharatylystanu-m-razhajy>
- [4] **Toilybaeva, Ü.O.** Aldamjarova G.T., JOO mūrajaiynyñ tärбие ürdisindegi alatyn orny. // «Ybyrai oqlary» ğylymi aimaqtyq konferensia jinağy., 2010. [In Kazakh]
- [5] [https://www.kaznu.kz/kz/17427/page/About\\_Al-Farabi\\_Kazakh\\_National\\_University](https://www.kaznu.kz/kz/17427/page/About_Al-Farabi_Kazakh_National_University)
- [6] <https://ppu.edu.kz/yilyimi-yizmet-bio-kz/>
- [7] <https://geofac.wku.edu.kz/index.php/mezhdunarodnoe-sotrudnichestvo/256-zoologiyaly-m-razhaj-ony-alyptasu-tarikhy>
- [8] **İläsova, R.** Mūrajai mamany qaraauyl emes mūrajai jaily jūmys izdegenderge arnalğan oryn ba? // Eltanu., 2002. №59. 4b. [In Kazakh]
- [9] **Tarhanova, T.,** ped. ğylymdardyñ. kand., federaldy käsıpsılık bilim mūrajai direktory // <http://www.vestnik.vsu.ru>[In Kazakh]
- [10] **Ospanova, Ä.** Mektep jäne mūrajai pedagogikasy. // Qazaqstan tarihy., 2009. №1. – 57b[In Kazakh]
- [11] **Erbolat, J.** Muzeidiñ mädeni – bilim salasyndağy atqaratyn roli. // Muzei jäne қоғам. Döñgelek üstel otırysına qatısuşylar baiandama jinağy. – Astana: 2006. – 66b. [In Kazakh]

## МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРЕПОДОВАНИЯ БУДУЩИМ УЧИТЕЛЯМ БИОЛОГИИ ЭЛЕКТИВНОГО ПРЕДМЕТА "ОРГАНИЗАЦИЯ БИОЛОГИЧЕСКОГО МУЗЕЯ"

**Берденкулова А.Ж.**, кандидат биологических наук, старший преподаватель

**Нагашыбаева П.Ж.**, магистр педагогических наук, преподаватель

**Пазылова, Г.К.**, магистрант 2 курса

**Шынжырбай, Р.**, магистрант 2 курса

*Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Республика Казахстан*

**Аннотация.** В Законе Республики Казахстан «Об образовании» подчеркивается актуальность ведения с использованием архивов музеев в воспитательной работе в высших учебных заведениях, как подчеркивается, «главной целью системы образования является создание условий для формирования личности на основе национальных и общегражданских ценностей, достижений науки и практики». Президент отметил, что " качество высшего образования должно отвечать самым высоким международным требованиям. Вузы страны должны стремиться войти в рейтинг ведущих университетов мира».

Современная теория педагогики претерпела существенные изменения, обновилось содержание образования, появились новые подходы. Для развития сферы знаний нужны сообразительные, творческие, предприимчивые и требовательные люди. В этом контексте большое значение имеет активизация познавательной деятельности студентов в учебном процессе. В этой

связи в целях реализации глубокого и качественного образования на основе преемственности Национального Всемирного духовного наследия в ходе учебного процесса перед студентами встает вопрос развития познавательной деятельности через музейные ценности, ее совершенствования. Поэтому организация музеев естествознания в вузах студенческой молодежи в системе непрерывного образования дает положительные результаты во всех сферах образования и воспитания. Возможности естественнонаучных музеев вуза изучить теоретическую и практическую основу обеспечения учебной программы природными материалами и провести ее на практике вуза.

**Ключевые слова:** элективный курс, музей, естествознание, ВУЗ, методология.

## **METHODOLOGICAL BASES FOR TEACHING FUTURE TEACHERS OF BIOLOGY OF THE ELECTIVE SUBJECT "ORGANIZATION OF A BIOLOGICAL MUSEUM"**

**Berdenkulova A. Zh.**, Candidate of Biological Sciences, Senior Lecturer

**Nagashybayeva P.** Master of Pedagogical Sciences, Lecturer

**Pazylova G.K.**, 2nd year master's student

**Shynzhyrbay R.**, 2nd year master's student

*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda city, Republic of Kazakhstan*

**Annotation.** The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education" emphasizes the relevance of conducting museum archives in educational work in higher educational institutions, as it is emphasized, "the main goal of the education system is to create conditions for the formation of personality on the basis of national and civil values, achievements of science and practice." The President noted that "the quality of higher education must meet the highest international requirements. The country's universities should strive to enter the ranking of the world's leading universities."

The modern theory of pedagogy has undergone significant changes, the content of education has been updated, new approaches have appeared. Smart, creative, enterprising and demanding people are needed to develop the field of knowledge. In this context, the activation of cognitive activity of students in the educational process is of great importance. In this regard, in order to implement a deep and high-quality education based on the continuity of the National World Spiritual Heritage during the educational process, students face the question of developing cognitive activity through museum values, its improvement. Therefore, the organization of natural science museums in universities of students in the system of continuing education gives positive results in all areas of education and upbringing. The possibilities of natural science museums of the university to study the theoretical and practical basis for providing the curriculum with natural materials and to conduct it in the practice of the university.

**Keywords:** elective course, museum, natural science, university, methodology.

## БОЛАШАҚ БИОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ «МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ» ЭЛЕКТИВТІ ПӘНІН ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

**Избасарова Ж.Ж.**, биология магистрі, аға оқытушы  
janar\_7370@mail.ru <https://orcid.org/0000-0003-3004-6352>  
**Әлиева Ж.Ғ.**, биология ғылымдарының магистрі, оқытушы  
zhanara\_ganievna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8250-3901>  
**Шынжырбай Р.А.**, 2 курс магистранты  
[roza.shynzhyrbai99@mail.ru](mailto:roza.shynzhyrbai99@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5141-6741>  
**Пазылова Г.Қ.**, 2 курс магистранты  
kanatkyzy\_gulsim@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5630-1687>

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті  
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы*

**Андатпа.** Бүкіләлемдік білім берудің үлкен кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі таңда Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі мен құрылымы құрылуда. Бұндай үдеріс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қоса елімізде орын алып жатқан түрлі бағыттағы білім беру ісіне жаңаша қарауды, қол жеткізілген табыстарды сыни тұрғыда бағалай отырып саралауды, білім берушінің іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруын талап етеді.

Жалпыға білім берудің әрі қарай оқытудың нәтижелігін анықтауда меңгеру деңгейі неғұрлым әсер ететін жалпы білік пен дағдыны қалыптастырудың басымды бағытымен айқындалған. Білімнің негізгі нәтижесі білім алушының әрекеттерінің әмбебап тәсілдерімен қатар, оқылып жатқан пәндерге тән дамудың жаңа деңгейлерін меңгеру ретінде әрекеттік бағыттар негізінде қалыптастырылады.

«Молекулалық биология» элективті пәні биологияны биохимия, биофизика және физиология ғылымдары қалыптастырған молекулалық деңгейде оқып үйретеді. Қазіргі заманғы молекулалық биология биотехнология, гендік инженерия негізінде дамып, медицинаға, фармокологияға, ауыл шаруашылығына енгізілуде. Сонымен қатар мектептің биология пәні мұғалімін тұқымқуалаушылық белгілер, өзгергіштік, оның сипаты мен биологиялық процестердің молекулалық деңгейдегі механизмдерімен қаруландырады.

ЖОО білім алушыларына биологиялық құбылыстар мен олардың заңдылықтарын оқыту арқылы курстың соңында терең білімге ие болып, ол мектепте жалпы биологияны оқытқанда қолданылады. Білім алушыларда ғылыми дидактикалық көзқарастар қалыптасады.

**Тірек сөздер:** Элективті курс, молекулалық биология, ДНҚ, РНҚ, әдістеме.

**Кіріспе.** Молекулалық биология – тіршілік белгілері мен олардың негізгі қасиеттерін молекулалық деңгейде зерттейді [1]. Молекулалық биологияның негізгі зерттеу бағыттары - 1) клеткалардың генетикалық аппаратының құрылымдық-функционалдық ұйымдасуы мен тұқым қуалау информациясының жүзеге асу механизмдерін (молекулалық генетика), вирустардың клеткалармен өзара әсерлесуінің молекулалық механизмдерін (молекулалық вирусология), ағзаның иммундық реакцияларының заңдылықтарын зерттеу (молекулалық мунология), ағзаның жеке дамуындағы әр түрлі сапалы клеткалар мен маманданған клеткалардың пайда болуын (дамудың молекулалық биологиясы) зерттейді [2].

Жалпы білім беретін мектеп орындарының бағдарламасының оқулықтарында молекулалық биология бөлім ретінде қарастырылған. Айталық, 10-сынып оқулығында «Молекулалық биология және биохимия» бөлімі бойынша 3-зертханалық жұмыс пен 17 тақырып қамтылған. Аталмыш тақырыптар қатарына кіріктірілгені:

1. Жердегі тіршілік үшін судың маңызы
2. Көмірсуларды жіктеу: моносахаридтер, дисахаридтер, полисахаридтер
3. Көмірсулардың қасиеттері және қызметтері
4. Редуцирленген және редуцирленбейтін қанттар

1-зертханалық жұмыс. Редуцирленген және редуцирленбейтін қанттарды анықтау

5. Липидтердің құрылымдық компоненттері
6. Майлардың қасиеттері мен қызметтері
7. Нәруыздардың құрамы мен қызметтеріне байланысты жіктелуі
8. Нәруыздардың құрылымдық деңгейлері мен құрылысы
9. Нәруыз денатурациясы және ренатурациясы
10. Нәруыздардың құрылымына әртүрлі жағдайлардың әсері

2-зертханалық жұмыс. Нәруыздардың құрылымына әртүрлі жағдайлардың (температура, рН) әсері

11. Биологиялық нысандарда нәруыздардың болуы

3-зертханалық жұмыс. Биологиялық нысандарда нәруыздардың болуын анықтау

12. Дезоксирибонуклеин қышқылының құрылысы мен құрылымы
13. Дезоксирибонуклеин қышқы молекулаларының қызметі
14. Дезоксирибонуклеин қышқылының репликациялау механизмі
15. Мезельсон мен Сталь тәжірибелері. Чаргафф ережесі
16. Рибонуклеин қышқылының құрылысы мен қызметі
17. Дезоксирибонуклеин қышқылы және рибонуклеин қышқылы молекулалары

құрылысының ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Ал, 11-сынып биология оқулығында «Молекулалық биология және биохимия» тарауы бойынша 2-зертханалық жұмыс пен 5 тақырып қамтылған. Атап айтар болсақ:

1. Антиденелердің құрылысы мен құрылымы. Антиденелердің (белсенді орталығының) арнайылығы. Антиген мен антидененің әрекеттесуі

2. Фермент пен субстраттың өзара әрекеттесуі. Ферментативті катализде белсенді орталықтың рөлі. Фишер теориясы. Ферменттер иммобилизациясы

1-зертханалық жұмыс. Иммобилизацияланудың ферменттердің белсенділігіне әсерін зерттеу.

3. Ферменттердің бәсекелес және бәсекелес емес ингибируленуі. Ферменттердің белсенділігін реттеу. Дәрілік препараттар мен ауыр металл иондарының ферменттердің белсенділігіне әсері

2-зертханалық жұмыс. Белсендіргіштер мен ингибиторлардың ферменттік реакция жылдамдығына әсерін зерттеу

4. Транскрипция. Пре-м рибонулеин қышқылының посттранскрипциялық модификациясы. Трансляция кезеңдері

5. Генетикалық кодтың қасиеттері: үшөрімділігі, көптігі, әмбебаптығы, бірін-бірі жаппайтындығы

Биология ғылымының негізі әр түрлі салаға бөлініп, тіршілікті жан-жақты түсіндіреді, бірақ білім алушылар сол заңдылықтарды тереңірек түсіне бермейді, сондықтан оларға жақын және оңай әдісті қолданып, ынталарын өзінің пәніне бұру керек. Жаңа заманның білім алушыларының «тілі» ақпараттық құралдар деп ойлаймыз. Маңызды тақырып ретінде молекулалық биология бөлімін тануда жаңа технологиялардың рөлі туралы айтуға болады. Білім алушыларды қызықтырып, мазмұнның мәнін ашу арқылы жаңалыққа жақын тұрып, өзіндік білім деңгейін көтеру басты міндет.

Мектеп бағдарламасынан теориялық білімді алып келген білім алушы әрі қарай келешек биология пәнінің мұғалімі ретінде өзіндік білік-дағдысын, қарым-қабілетін шыңдап, толыққандылыққа жетуге тырысу керек. Толыққандылыққа дейтін себебіміз, жоғарыда аталып өтілгендей, молекулалық биологияның тек теориялық тұрғыда сипатталуына сәйкес, бірқатар молекулалық биологиялық проблемаларды және объектілерді кестелер, графиктер, диаграммалар түрінде сипаттауды қажет ететін практикалық есептер, сондай-ақ тест сұрақтары ұсынылмаған. Осыған сәйкес, пәндік олимпиадаларда осындай олқылықтар орын алып жатады. Ал, мұндай олқылықтардың орнын толтырудың қатарына молекулалық биологиядан оқу материалын іріктеу, көрнекі көрсетілетін және зертханалық тәжірибелерді жетілдіру, көрнекі құралдардың жаңа түрлерін жасау, оқытудың формалары мен әдістері қолдану қарастырылуы керек. Мәселен,

оқу материалын іріктеп, химия және биология ғылымының мазмұнын әдістемелік талдау, бұрыннан қолданылып келе жатқан көрнекіліктерді, генетикалық есептер топтамаларын, зертханалық тәжірибелерді, көрнекі құралдарды жетілдіру және жаңадан ұсыну, білім алушылардың өздігінен әрекет ететін жұмыстарының тапсырмаларын жасау сынды әрекеттерді атасақ болады. Сонымен қатар, ЖОО-да оқу бағдарламасына назар қойсақ, мектеп бағдарламасында теориялық білім тек тереңдей түскен, ал есептер жинақтары мен тест тапсырмалары тапшы. Практикалық жұмыс барысының аясын кеңейту арқылы, молекулалық биологияның ауқымдылығына ден қойып, болашақ биология пәнінің мұғалімдерін даярлауда терең білімді бағыттап, насихаттауға үлкен мүмкіндік берер еді.

ЖОО-дағы оқу бағдарламаларында молекулалық биология теориялық төңіректен аса қоймайды, оған дәлел ретінде біршама төмендегідей дәйектемелерді қарастырамыз.

Молекулалық биология объектілерін зерттеуге биологияда жетілген барлық тәсіл жабдықтарды қолданумен қатар, өзінің де арнаулы әдістері жетілген. Айтайық, сканерлік электрон микроскопы, криоэлектрондық микроскопия, арнайы рентген сәулелері, төрт гендік процесін жетілдірумен: РНҚ синтездерін, ДНҚ репарациясын, репликациясын және генетикалық рекомбинациясын қайта құру, калыптастыру реакцияларын эксперименттерде жүргізу арқылы құбылыстарды түсіндіру мүмкіншіліктері бар, әсіресе полимерлерді жасақтар арқылы айқындаулар. Молекула түзілісін, қозғалысын, өзгерістерін анықтауға тірі жасуша радиоавтографияны қолданады. Сонымен қатар ренатурация, немесе будандық нуклеотидтерді сынақтан өткізеді. Мысалы белгілі бір ақуыздың синтезін жүргізу үшін, мРНҚ, оған старт – кодонды пайдаланып кіші рибосома суббірлігін тізбектейді, әрі қарай ақуыз синтезінің элонгация фазасына жалғау арқылы аминқышқылдары тізбектерін нысанды түрде қосылдырады. Осылайша рибосомдық РНҚ арқылы белок синтезінің тегі анықталады [3].

Молекулалық биология, биофизика, биохимия және цитологиялық эксперименттерді өте нақты материалдар алуын қамтамасыз етіп, тұқым қуалауының ақпараттарының жинақталуымен ұрпақтарына берілу механизмдері белгілі болды. Мысалы, нуклеин қышқылдарының атқаратын қызметтері, ДНҚ және РНҚ-лардың атқаратын жұмыстарының кұпияларын Ф.Крик және Дж Уотсон ашуымен генетика ғылымы тереңдей түсті.

Айтайық, ДНҚ – құрылымы тұқым қуалау негізі есебін тұрақты ғана емес, лабильді екенін дәлелдеп, мутагендік факторлар жаратылыстың және қолдан таңдалуына нақты мәліметтер болды. Соған сәйкес химиялық мутагендік факторларды да қолдану мүмкіншілігі ашылды. Әрбір гендер структуралық топтасып, операндар пайда болады. Макромолекулалар: құрылым, пішін және ақпараттық функциялар есебінде қаралады. Айрықша синтездік процесстер, атап айтсақ, РНҚ молекуласының синтезі, ДНҚ транскрипциясы. Ақуыз синтезін реттелуі ДНҚ кейбір бөліктері қатынасуы, гендер көшірмелерінің жасалынуы молекулалық биология міндеттеріне жатады. Сол сияқты энергияның пайда болуы, өзгерулері, айналуы осыны байыта түседі [4].

Молекулалық биология ғылымының мәселелері ретінде қарастырылатыны:

1. Тіршілікті білуге арналған амалдар.
2. Жасушадағы атомдар мен молекулалар. Молекула категориясы.
3. Молекула қасиеттері
4. Молекуланың жасуша қызметіне сәйкестігі

Молекула – жаңа латынша кіші деген ұғымға сәйкес. Заттың кіші бөлікшесі, ол оның барлық химиялық қасиеттерін білдіреді. Атомдардан және оның химиялық байланыстарынан құралады. Сапасы жағынан оның құрамы химиялық формуласын бергізеді. Молекуладағы атомдар саны оның құрылымдары екіден бірнеше мыңға жетеді. Молекула полимерлері – макромолекула деп аталады. Молекулалық биология – тіршілік жүрудің өмірдегі айқындау негіздерін молекулалық деңгейінде зерттейді, оқытады. Соған байланысты (ағзаның) организмнің дамуы, өсуі қалай сақталатыны тұқымдық ақпараттың берілуін түсіндірумен қатар, тірі жасушада энергиялар пайда болуы, айналуы кезінде

биологиялық қажетті молекулалардың құрылымдық-қасиеттерін білдіреді, басқа да жүретін құбылыстарды байқатады.

Молекулалық биология биохимия, химия, биофизика, цитологиямен және басқа ғылымдармен тығыз байланыста дамиды. Тарихи жағынан генетика мен микробиологиямен байланыста (XX ғасырда пайда болды). Тіршілік түрі өте көп. Тірі жасушада міндетті түрде құрылым – химиялық жүйе арқылы жүретіні шарт. Оның бастысы: 1. Өзін-өзі көбейту (самовоспроизводство) және қажетті заттардың жасуша бөліктерінде синтезделуін жүргізетін жүйе; 2. Мембраналар жүйесі (жарғақша қабық); 3. Жасушаны энергиямен қамтамасыз ететін жүйе. Осы үш жүйенің бірі болмаса, не қызмет етпесе тіршілік тоқтайды [5].

Сонымен тіршіліктің құбылысын түсіндіру молекулалық деңгейде жалғыз дұрыс жол, ол клетка және оның бөліктері қызметтері арқылы іске асады, оның қажетті тіршілік механизмдерін білу арқылы оның молекулалық архитектурасын және ұйымдастырушылық әмбебаптығын түсінеміз. Оны молекулалық биология, биохимиялық амалы дейді.

Тіршілік жүйесінде әртүрлі молекулалар көптеген функциялар атқарады. Ол үшін молекулалар міндетті түрде ашық кешенді қасиеттері болуы керек. Айтайық, сүйек құрамына кіретін молекула элементтері оған қаттылық және төзімділік қасиеттер беруі керек болса, көз құрамындағы молекулалар, әсіресе хрусталик үшін реттелген мөлдір структуралы, жарықты жеңіл өткізу қабілеті болады. Ол қасиеттер атомдардың молекулаларында орналасуына тәуелді. Айтайық жасуша мембранасы жүздеген жоғары маманданған макромолекулалардан, оның әрқайсысы нақты ерекшеліктерімен қызмет етеді, яғни олар не структуралық, не катализдік функциялар атқарады. Кез келген органикалық молекулалар нақты физика және химиялық қасиеттерімен анықталған. 1. Көмірсу қаңқасымен (С-атомдарының санымен және орналасумен); 2. Атомдардың табиғатымен орналасуына қарай көмірсу тізбегіне жалғасумен; 3. Функциялық топтың табиғатымен (карбоксил, гидроксил, амин, сулфагидрил, эфир, күрделі эфир ж.б.); 4. Молекулалардан әртүрлі атомдары байланысу табиғатымен; 5. Молекулалардағы атомдардың үш жақты орналасумен [6].

Молекулалық биологияның жетістіктеріне мыналар жатады:

А) Кейбір белоктардың құрылымын анықтап, оны атқаратын қызметімен байланыстыру. (М.Перутц, Дж.Кендрю, Ф.Сенгер, К.Анфинсен).

Б) Нуклеин қышқылдары мен рибосомалардың құрылымы мен биологиялық қызметін анықтау (Дж.Уотсон, Ф.Крик, Р.Холли т.б.)

В) Генетикалық кодтың шифрын анықтау (М.Ниренберг, С. Очоа)

Г) Кері транскриптазаның ашылуы (Х.Темин, Д.Балтимор) .

Д) Белок және нуклеин қышқылы молекулаларының биосинтезі механизмдерінің негізгі кезеңдерін анықтау. ( Ф.Жакоб, Ж.Моно, А.Корнберг).

Е) Вирустардың құрылымын және репликация механизмдерін анықтау, генетикалық инженерия әдістерін жасақтау ( П.Берг, В. Арбер, Г.О.Смит, Д. Натонс).

Ж) Ген синтезі (Х.Корона) [7].

Молекулалық биология тіршілікті молекулалық деңгейде зерттейтін биологияның ең маңызды салаларының бірі. Ол биологиялық макромолекулалар - нуклеин қышқылдары мен белоктардың құрылысын, қызметін зерттейді.

Цитогенетикалық әдіс - микроскоп арқылы хромосомаларды зерттеуден басталады. Бұл әдіс арқылы: 1) ағзалардың кариотипін анықтайды; 2) хромосома санын анықтайды; 3) хромосомалардың морфологиясын зерттеп, олардың құрылысында өзгерістер бар-жоғын анықтайды, яғни хромосомалық ауруларды анықтайды; 4) хромосомалардың генетикалық карталарын жасау үшін пайдаланады-ол үшін хромосомаларды тандамалы бояйды; 5) геномдық не хромосомалық мутацияларды, олардың жиілігін, анықтау үшін пайдаланады; 4) Соматикалық жасушалар генетикасы әдісі. Жасушаларды ағзадан тыс, жасанды қоректік орталарда өсіреді. Оларды өсіру кезінде қажет болған, немесе зерттеушінің көзіне түскен

ереюде жасушаны бөліп алып клондайды, яғни көбейтеді және сол жасушалар тобын алып зерттейді. Ол жасушаларды әрі қарай сұрыптап будандастырады.

Бұл әдіс нәтижесінде: 1) гендердің тіркесуін және олардың хромосома бойында орналасу орнын анықтайды; 2) кейбір гендердің активтілігінің нәтижесі ретінде синтезделінетін олардың нақтылы өнімдерін зерттейді; 3) гендердің әрекеттесуін және олардың активтілігінің реттелу механизмдерін анықтайды; 4) гендік мутацияларды зерттеу үшін қолданады [8].

XX-ғасырдың 50-ші жылдарының басында биохимияда белоктар мен нуклеин қышқылдарының қарапайым құрылысы туралы іргелі жаңалықтар алынып, онда полипептидтік тізбектерінің ұйымдасу дәрежесі, оның ішінде нуклеотидтердің құрылысы мен олардың ДНҚ мен РНҚ молекулаларындағы кездесетін сандық мөлшерлері заңдылығы ашылды (Э.Чаргафф). Бұл көрсетілген жұмыстар, сонымен қатар Англияда, Розалинд Франклин мен Морис Уилкинсон жүргізген рентгенструктуралық анализдің көмегімен жүргізілген ДНҚ структурасының биофизикалық зерттеулері «фагты зерттеу тобының» шәкірті Джеймс Уотсон мен англиялық физик Френсис Крикка гендердің молекулалық табиғаты мен олардың ДНҚ құрамындағы өзін-өзі көбейте алу (репликация) механизмдерін ашуға көмек болды [9].

Молекулалық биологияның маңызды жетістіктеріне - кейбір ақуыздардың құрылымын анықтау және олардың құрылысы мен қызметінің байланысын тағайындау (Перуд М., Кендрю Дж., Сенгер Ф., Анфинсеи К. және т.б.), нуклеин қышқылдары мен рибосомалардың құрылымы мен биологиялық механизмін анықтау (Дж.Уотсон, Ф.Крик, Р.Холли т.б.), генетикалық кодты ашу (М.Ниренберг, С.Очоа), кері транскрипцияның ашылуы (Х.Тсмин, Д.Балтимор), ақуыз молекуласы (Ф.Крик, Ф.Жакоб, Ж.Мопо) мен нуклеин қышқылының (А.Корнберг, С.Очоа) бирсинтезінің негізгі кезеңдерінің механизмдерін зерттеу, вирустардың құрылысын және олардың фепликациясының механизмін ашу, генетикалық инженерияның (П.Берг, В.Арбер, Г.Смит, Д.Натанс) және геннің синтезінің өдістерін ашу, орыс ғалымдары биополимерлердің матрицалық синтезінің принциптерін (И.Кольцов) анықтауы, жоғары сатыдағы өсімдіктерде ДНҚ-ның болатындығы дәлелдеуі (Н.Белозерский) қатерлі ісіктердің пайда болуының вирусгенетикалық теориясы жасалды транспорттық РНҚ-ғы нуклеотидтердің кезектесуі анықталды (Л.Басв) [9].

Осындай теориялық білімдерді практикалық негізде жүзеге асыру үшін бірқатар есептер топтамасын не тапсырмаларын ұсынуға болады, мысалы:

1-есеп. Адам қанында гемоглобин 1 литрге шаққанда 160 грамм мөлшерде болады. Қанның 1 мл көлемінде шамамен  $5,0 \times 10^9$  эритроцит болады. Эритроциттер цилиндр кейіпте болады және оның ұзындығы 1,8 мкм, ал диаметрі 8,0 мкм деп есептейік. Цилиндр көлемі мына формуламен анықталады:  $r^2 h$  (бұл жерде  $h$  цилиндр ұзындығы). Гемоглобиннің молекулалық массасы – 64 500 дальтон. Осы деректер негізінде келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

А). Гемоглобиннің бір эритроциттегі мөлшерін анықтаңыз \_\_\_\_\_ грамм

Б). Бір эритроцитте гемоглобиннің қанша молекуласы бар \_\_\_\_\_ молекула

В). Бір эритроциттің көлемін табыңыз \_\_\_\_\_ мкм<sup>3</sup>

2-есеп. 574 аминқышқылынан тұратын гемоглобиннің бір макромолекуласы рибосомада бар жоғы 90 секунд уақытта синтезделеді.

Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер: А) Гемоглобиннің рибосомадағы синтезі барысында, 1 секундта қанша аминқышқылы бірбірімен байланысады?

Б) Адам организмінде әрбір секунд сайына 2 млн эритроцит жойылып, қайта пайда болады деп есептейік. Әрбір эритроцит клеткасында 280 млн гемоглобин макромолекуласы бар. 1 секундта қанша гемоглобин макромолекуласы пайда болып жатады?

3-есеп. Сарысулық альбумин (сиыр) белогын (BSA) талдау нәтижелері, оның 0,58% триптофан аминқышқылынан тұратындығы анықталды. Триптофан молекуласының



молекулалық салмағы 204 дальтон. BSA белогының молекулалық салмағы 66 000 дальтон. Әрбір BSA белогының құрамында қанша триптофан аминқышқылы болады?

4-есеп. 10 грамм өсімдік ұпасын 50 мл буферде гомогенизациялап, алынған гомогенатты центрифугалады. 10 мл супенаттанган (тұнба үстіндегі сұйықтық), аммоний сульфатын пайдалану арқылы белоктарды тұнбаға түсірді. Белокты центрифугалау арқылы жинап, оны 1 мл буферде ерітті. Белоктың мөлшерін анықтау үшін, еріген белокты, әрі қарай 10 есе сұйылтты. 1 мл сұйылтылған ертіндіде белоктың мөлшері 0,4 мг болды. 100 г өсімдік ұпасында белоктың мөлшері қанша болады?

5-есеп. Ауру адамның қан плазмасынан фермент бөлініп алынды, оның белсенділігі Михаэльса-Ментеннің кинетикалық заңына бағынады деп ойлайық. Субстраттың концентрациясы 0,028 М болғанда, осы ферменттің катализдейтін реакциясының жылдамдығы 10,6 моль/мин болды.  $V_{max}$  мәні – 38,0 моль/мин. Осы ферменттің осы субстратқа қатысты  $K_m$  мәнін табыңыз.

6-есеп. Бір-бірімен коваленттік емес байланыспен байланықан, бірнеше суббірліктен тұратын белоктық комплекстің молекулалық массасы 246 kDa болып табылады. SDS-PAGE арқылы сұрыптау нәтижесінде молекулалық массасы 57 және 33 kDa белок жолақтары байқалды. Жоғарыдағы белокты комплекс, молекулалық массасы 57 және 33 kDa болып келетін қанша суббөліктен тұрады? Жауапты кестеге енгізіңіз.

7-есеп. ДНҚ-ның екі молекуласының (I и II) ұзындықтары бірдей (1000 жұп нуклеотид), бірақ олар құрамына кіретін негіздердің түрлері бойынша айырмашылықтары бар. Бірінші ДНҚ-да А+Т мөлшері 42 %, ал екінші ДНҚ-да 66 %.

А) I және II ДНҚ молекулаларында қанша гуанин бар екенін анықтаңыздар. I: \_\_\_\_\_  
II: \_\_\_\_\_

Б) Қандай ДНҚ молекуласында (I и II)  $T_{max}$  деңгейі жоғары? Жауап

8-есеп. Қостізбекті ДНҚ құрамына кіретін әрбір жұп нуклеотидтің массасы шамамен  $1 \times 10^{-21}$  гр. Адам денесінде шамамен 0.5 гр ДНҚ бар деп есептейік. Анықтаңыздар:

8.1 Адам организмінде қанша жұп нуклеотид бар? Жауап: \_\_\_\_\_

8.2 Егер адамның барлық ДНҚ молекуласы В-формада болса, онда оның ұзындығы қандай? Жауап: \_\_\_\_\_

9-есеп. Қостізбекті ДНҚ молекуласының құрамының 15% тимин болып табылады. Басқа азоттық негіздердің проценттік мөлшерін анықтаңыз.

Г \_\_\_\_\_ %

Ц \_\_\_\_\_ %

А \_\_\_\_\_ %

10-есеп. Вирус геномы 10% адениннен, 24% тиминнен, 30% гуаниннен және 36% цитозиннен тұрады. Осы вирустың геномы:

А) қостізбекті ДНҚ \_\_\_\_\_

Б) біртізбекті ДНҚ \_\_\_\_\_

В) қостізбекті РНҚ \_\_\_\_\_

Г) біртізбекті РНҚ \_\_\_\_\_ [10].

**Қорытынды.** ЖОО-ның оқулықтарында молекулалық биологияның аралық байланыстары мен ережелері нақты көрсетілмейді. Нәтижесінде білім алушылар заманауи биохимия ғылымының фундаменталды қағидаларын түсіне алмайды. Сондықтан білім алушылардың білімін тереңдетіп дамыту үшін ғалымдар калыптастырған әдістерге сүйеніп, арнаулы тапсырмалар беру арқылы кемшіліктерін жою жолын іздестіру керек. «Молекулалық биология» элективті пәнін оқыту арқылы білім алушылардың ғылыми танымын, дидактикасын қалыптастыра отырып, тәсілдердің тиімділігінің нәтижесінде қызығушылыққа бағытталған дағды, қабілеттерінің көкжиегін кеңейте аламыз.

- Оқу бағдарламасының мазмұнын кеңейту;
- Есептер топтамасы мен тапсырмалар жинағын әзірлеу;
- «Молекулалық биология» пәнін тиімді оқытудың әдістемесін ұсыну;

Биологияны биохимия, биофизика және физиология ғылымдары қалыптастырған молекулалық деңгейде оқып үйрену - қазіргі заманғы молекулалық биология биотехнология негізінде дамып, түрлі бағыттарда енгізілуге мүмкіншілік жасайды. Сонымен қатар білім алушыларды тереңінен биологиялық процестердің молекулалық деңгейдегі механизмдерімен қаруландырады.

## Әдебиеттер

- [1] Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана., 2004. 3-4б.
- [2] **Муминов, Т.А.**, Куандықов, Е.У. Кулманов, М.Е. Локшин, В.Н. «Основы молекулярной биологии» - Алматы: "Литерпринт", 2017. – 556 с
- [3] **Муминов, Т.А.** Молекулалық биология негіздері - Алматы: Литерпринт, 2017. – 384 б.
- [4] **Өтесінов, Ж.Ө.** «Жалпы генетика және молекулалық биология»: Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016. – 292 б.
- [5] **Өтесінов, Ж.** «Молекулалық биология»: Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2015. – 191 б. Клетканың молекулалық биологиясы: Molecular biology of the cell: Оқулық. 2-ші том /Албертс Б., Джонсон А., Льюис Дж., Моргон Д., Рафф М., Робертс К., Вальтер П. – 6-шы басылым. – Алматы: ЖШС РПБК "Дәуір", 2017. – 625 б.
- [6] Клетканың молекулалық биологиясы: Molecular biology of the cell: Оқулық. 1-ші том / Альбертс, Б. Джонсон, А. Льюис Дж. және т.б.; Ағылшын тілінен ауд: Ережепов Ә., Ережепов Д. – 6-шы бас. – Алматы, 2016. – 366 б.
- [7] **Әбилаев, С.А.** Молекулалық биология және генетика: Оқулық. – Шымкент: "Асқаралы" баспасы, 2008. – 424 б.
- [8] **Гумаров, М.Х.**, Ниязова, Р.Е. “Практикум по биохимии” Уральск, 2005 г. 3-21 беттер. Зенгбуш «Молекулярная и клеточная биология» I - III тома
- [9] Молекулалық биология негіздері (лекциялар курсы). Т.А. Моминов, Куандықов Е.У., Құлманов М.Е. Алматы, 2017.б. 306-333.
- [10] Молекулярная биология. Структура и биосинтез нуклеиновых кислот. Под. ред. Спирина А.С. М: Высшая школа, 1990, 133-184 бет. Просвещение, 1980 г., 5-60 бет.

## References

- [1] Qazaqstan Respublikasynda, 2015 jylğa deingı bılım berudı damyту tūjyrymdamasy // Astana., 2004. 3-4b. [In Kazakh]
- [2] **Muminov, T.A.**, Kuandykov, E.U., Kulmanov, M.E., Lokšin, V.N.. «Osnovy molekularnoi biologii» - Almaty: "Literprint", 2017. – 556 s [In Russian]
- [3] **Muminov, T.A.** «Molekularlyq biologia negizderi» - Almaty: Literprint, 2017. – 384 b. [In Kazakh]
- [4] **Ötesinov, J.Ö.** «Jalpy genetika jäne molekularlyq biologia»: Oqu qūraly. – Almaty: Evero, 2016. – 292 b. [In Kazakh]
